




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БОРЫШЫ

2023 ЖЫЛҒЫ 9 АЙДАҒЫ



ҚАҢТАР 2024

Бұл жарияланымды Төлем балансы департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым қаңтар, сәуір, шілде және қазан айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні –29 желтоқсан 2023 жыл. 2019-2022 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні – 29 желтоқсан 2023 жыл.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы департаментінен төменгі мекен-жайдан алуға болады: мекен-жайы: Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты телефондары: (717) 277-55-23 (төлем балансы) (727) 277-55-40 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш) электрондық пошта: akbota.mukhamediyeva@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады.

Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

2023 жылғы 9 айдағы Қазақстан Республикасының төлем балансы

.....	5
<i>Төлем балансына қосымшалар :</i>	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: Талдамалық ұсыну	16
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: экономика секторлары бойынша резиденттер	19
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандартты ұсыну, негізгі мақалалар	21

I-Қосымша. Төлем балансына талдамалық қосымшалар

I.1. Сыртқы сауда және сауда балансы	23
I.2. Халықаралық қызметтер балансы	28
I.3. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы	30
I.4. Ресми статистика деректері бойынша Қазақстан Республикасының экспорты мен импортының құрылымы	31
I.5. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны және сандық жеткізулерді талдау	32
I.6. Қазақстан Республикасының ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы.....	33
I.7. Кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы	34
I.8. Жеке трансферттер (жеке тұлғалардың өтеусіз ақша аударымдары).....	39
I.9. Жеке сектордың қаржылық операциялары ¹	40

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 1 қазандағы халықаралық инвестициялық позициясы 42

Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар :

1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы:
стандарттық ұсыным 45
2. Резиденттердің экономика секторлары бойынша халықаралық инвестициялық позициясы 53
3. Қазақстанның резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша халықаралық инвестициялық позициясы 55
4. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы 59
5. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызмет түрлері бойынша және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері 65

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 1 қазандағы сыртқы борышы..... 68

Сыртқы борышқа қосымшалар :

1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным 71
2. Сыртқы борыш: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер 74
3. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жалпы сыртқы борышқа (ЖСБ) қызмет көрсету бойынша төлемдердің кестесі 76
4. Сыртқы борыштың жағдайы: қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борыш, секторлар бойынша 77
5. Валюта түрлері бойынша сыртқы борышы 80
6. Резиденттер шығарған және резидент еместерге тиесілі борыштық бағалы қағаздар, эмиссия орны бойынша 81
7. Елдер бойынша сыртқы борышы 82
8. Резиденттердің қызмет түрлері бойынша сыртқы борышы 89
9. Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы 92
10. Кредитор және заем алушы секторлары бойынша сыртқы борышы 94
11. Сыйақы мөлшерлемелері бойынша сыртқы борыш 95
12. Сыртқы борыштың жағдайы: Ағындар мен қорларды келістіру 96

2023 ЖЫЛҒЫ 9 айдағы**Қазақстан Республикасы Төлем балансының және Сыртқы борышының қорытынды статистикасындағы****НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕР**

- **Ағымдағы шот 6,7 млрд. АҚШ доллары** (бұдан әрі – доллар) **тапшылығымен немесе ЖІӨ-нің 4,0%-мен қалыптасты**
- **Ағымдағы шоттың оң сальдосының теріс аймаққа өтуі** сауда балансының профициті азаюына байланысты (2022 жылғы 9 айда ағымдағы шот профициті 7,4 млрд. доллар болды)
- **Тауарлар экспорты**, ең алдымен мұнай экспорты қысқаруы есебінен **58,9 млрд. долларға дейін 8,5%-ға төмендеді**
- **Тауарлар импортының 44,3 млрд. долларға дейін 24,6%-ға өсуі** тауарлардың барлық ірі санаттары бойынша жеткізілім артуына байланысты
- **Кіріс балансының тапшылығы 3,4%-ға қысқарып, 19,7 млрд. доллар болды**, бұл, негізінен, шетелдік тікелей инвесторлардың төленетін кірісі төмендеуіне байланысты болды
- **Қаржы шоты бойынша таза әкету** (резервтік активтерді қоспағанда) **0,2 млрд. доллар болды**, ол резиденттердің міндеттемелері өсуіне қарағанда активтері барынша жоғары өсуіне байланысты
- **Резервтік активтер** (Ұлттық қордың активтерін қоспағанда) **2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 31,9 млрд. долларға бағаланды**, бұл тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының **5,4 айын** қаржыландыру қажеттілігін өтейді
- **Жиынтық жалпы халықаралық резервтер мен Ұлттық Қордың сыртқы активтері 2023 жылғы 3-тоқсанның соңында 87,4 млрд. доллар (ЖІӨ 35%) болды**
- **Қазақстан Республикасының сыртқы борышы** 2023 жылдың басынан бері 1,3 млрд. долларға немесе 0,8%-ға ұлғайып, **2023 жылғы 1 қазанда 161,9 млрд. доллар (ЖІӨ 65,0%) болды**
- **Мемлекеттік сыртқы борыш 0,8 млрд. долларға қысқарып, 14,8 млрд. доллар болды**
- **Фирмааралық берешек** мұнайгаз және өндіру секторының кәсіпорындары тікелей инвестициялау кәсіпорындарынан және шетелдік тел компаниялардан тартқан қарыздарын өтеуі есебінен 1,1 млрд. долларға төмендеп, **92,2 млрд. долларды (ЖІӨ 7,0%) құрады**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Ағымдағы операциялар шоты 2023 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша тапшылықпен қалыптасып, 4,8 млрд. АҚШ долларын (бұдан әрі – доллар) құрады, 2022 жылғы 9 айдағы ағымдағы шот профициті 6,2 млрд. доллар болды (2-қосымша). Ағымдағы шоттың оң сальдосының теріс аймаққа өтуі сауда балансының азаюына байланысты (1-диаграмма).

Сауда балансының профициті шамамен екі есе азайып (өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 28,8 млрд. доллардан), 14,6 млрд. доллар болды. Профициттің төмендеуі экспорттың қысқаруы аясында тауарлар импортының ұлғаюына байланысты.

Тауарлар экспорты 2022 жылғы 9 айдағы 58,9 млрд. доллардан 2023 жылғы 9 айда 64,4 млрд. долларға дейін 8,5%-ға төмендеді. Экспорттың қысқаруы мұнай мен газ конденсаты экспортының 10,3%-ға немесе 3,7 млрд. долларға құлдырауына байланысты.


Қара металдар экспорты 3,3 млрд. долларға дейін 23,0%-ға қысқарды. Түсті металдар экспорты 4,3 млрд. долларға дейін 18,5%-ға қысқарды. Астық экспорты 1,7 млрд. долларға дейін 289,2 млн долларға 20,2%-ға өсті.

Тауарлар импорты 2022 жылғы 9 айдағы 35,6 млрд. доллардан 2023 жылғы 9 айда 44,3 млрд. долларға дейін 24,6%-ға өсті. Тауарлар импортының ұлғаюы тұтынушылық тауарлардың 14,6 млрд. долларға дейін 28,8%-ға, оның ішінде азық-түлік тауарларының 3,2 млрд. долларға дейін 6,6%-ға және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың 11,3 млрд. долларға дейін 36,9%-ға өсуіне байланысты.

Аралық тауарларды әкелу 20,2 млрд. долларға дейін 14,5%-ға өсті, инвестициялық тауарларды (өндіріс құралдарын) әкелу 9,9 млрд. долларға дейін 48,8%-ға өсті.

Халықаралық қызметтер балансының тапшылығы 2022 жылғы 9 айдағы көрсеткішке қатысты 1,5 млрд. долларға дейін 57,6%-ға ұлғайды. Қызметтер

1-диаграмма. Ағымдағы шот
(млрд АҚШ доллары)



балансы тапшылығының ұлғаюы қызметтер импортының 37,0%-ға өсуіне байланысты. Халықаралық қызметтер бойынша сыртқы сауда айналымы 35,4%-ға артып, 16,7 млрд. доллар болды.

Бастапқы кіріс балансының тапшылығы 2022 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 4,6%-ға азайып, 19,0 млрд. доллар болды. Тапшылықтың азаюы шетелдік тікелей инвесторларға төленетін кірістің азаюы есебінен орын алды.

Резиденттердің инвестициялық салымдардан түскен кірісі 2022 жылғы 9 аймен салыстырғанда 18,1%-ға өсіп, 3,0 млрд. доллар болды. Бұл кірістің жартысына жуығын елдің ресми резервтерінен (Ұлттық қордың резервтік активтері мен шетелдік активтерінен) түскен кіріске тиесілі, ол 1,4 млрд. долларға дейін 73,5%-ға өсті.

Бейрезиденттерге төленетін инвестициялық кіріс 21,0 млрд. долларға дейін 3%-ға азайды, оның ішінде бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан төленетін кірісі 2022 жылғы 9 айдағы 19,8 млрд. доллардан 2023 жылғы 9 айдағы 18,5 млрд. долларға дейін 6,2%-ға төмендеді.

Қайталама кіріс балансының тапшылығы 770,4 млн доллар (2022 жылғы 9 айдағы тапшылығы 566,2 млн доллар) болды. Қайталама кіріс балансының тапшылығы жеке тұлғалардың ақша аударымдары бойынша операцияларына байланысты.

Жеке тұлғалардың шетелге ақша аударымдары (жеке трансферттері) 41,5%-ға төмендеп, 844,2 млн доллар болды. Төмендеу негізінен Ресей Федерациясына, Қырғызстанға, Өзбекстанға, Арменияға аударымдар бойынша орын алды. Жеке тұлғаларға шетелден аударымдар негізінен Ресей Федерациясы мен АҚШ-тан түсімдердің өсуі есебінен 352 млн долларға дейін 15,0%-ға төмендеді.

Мемлекеттік сектор операциялары бойынша республикалық бюджетке ЕАЭО мемлекеттерінен әкелінетін кедендік баждар түсімінің төмендеуі аясында Қазақстанның одақтас мемлекеттер бюджеттеріне төлемдерінің өсуі мемлекеттік басқару органдарының трансферттік операциялар сальдосының 254,3 млн долларға тапшылығына әкелді.



Қаржы шоты (резервтік активтерді қоспағанда)

Қаржы шоты бойынша таза әкету 0,9 млрд. доллар (2022 жылғы 9 айда 7,2 млрд. АҚШ долларын таза әкету байқалды) болды.

«Қалған елдерді таза кредиттеу» немесе қаржы шоты операциялары бойынша капиталдың таза әкетілуі резиденттердің міндеттемелерінің өсуімен салыстырғанда олардың активтерінің мейлінше жоғары өсуімен қамтамасыз етілді (2-диаграмма).


Резиденттердің сыртқы активтері таза негізде 9,4 млрд. долларға, оның ішінде:

- Мемлекеттік басқару органдары есебінен 0,1 млрд. долларға;
- Банктер есебінен 1,6 млрд. долларға;
- Басқа секторлар есебінен 7,6 млрд. долларға өсті.

Өз кезегінде Қазақстан экономикасы резиденттерінің сыртқы міндеттемелері нетто негізде 9,1 млрд. долларға, ішінде мыналар есебінен өсті:

- Мемлекеттік басқару органдары есебінен 1,1 млрд. долларға төмендеді;
- Банк секторының міндеттемелері 1,4 млрд. долларға өсті;
- Басқа секторларда өсім 8,8 млрд. доллар деңгейінде негізінен тікелей шетелдік инвестициялау операциялары есебінен қалыптасты.

2-диаграмма. Қаржы шотының балансы
(млрд АҚШ доллары)



"+" - активтердің ұлғаюы / міндеттемелердің төмендеуі
 "-" - активтердің төмендеуі / міндеттемелердің ұлғаюы

Экономика секторларының операциялары бойынша қаржы шотының декомпозициясы капиталдың нетто әкетілуін немесе қалған елдерді таза кредиттеудің негізінен мемлекеттік басқару органдары (1,2 млрд. доллар) және банктер (0,2 млрд. доллар) қамтамасыз етілгенін көрсетеді, өз кезегінде Қазақстан экономикасының басқа секторларында 1,1 млрд. доллар нетто әкеліну байқалды (3-диаграмма).

Инвестициялар құралдары бойынша қаржы шотының құрылымында капиталдың таза әкелінуі тікелей инвестициялар бойынша (3,1 млрд. доллар), басқа орта және ұзақ мерзімді инвестицияларға (0,8 млрд. доллар) және қысқа мерзімді (-2,8 млрд. доллар) тіркелген, ал ресурстардың таза әкетілуі портфельдік инвестициялар (6,8 млрд. доллар) бойынша байқалды (4-диаграмма).

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша капиталдың таза әкелінуі (теріс сальдо) 2023 жылғы 9 айда 3,1 млрд. долларды құрады.

ШТИ бойынша міндеттемелердің өсуі 5,7 млрд. долларды құрады. Резиденттердің ШТИ бойынша міндеттемелерінің ұлғаюы бейрезиденттердің кірістерін (тікелей инвесторлардың үлесіне тиесілі бөлінбеген пайда) қайта инвестициялаумен қамтамасыз етілген. Шетелдік үлестес тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелердің төмендеуі ШТИ бойынша міндеттемелердің өсуін ішінара реттеді.


Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) жалпы әкелінуі 11,3%-ға азайып, 19,7 млрд. долларды құрады. Шикі мұнай мен табиғи газды өндіруге салымдар (2023 жылғы ШТИ жалпы әкелінуінің 34,1%-ы) 18,7%-ға төмендеп, 6,7 млрд. долларды құрады. Шетелдік тікелей инвестициялардың металлургия өнеркәсібіне (ШТИ жалпы әкелінуінің 11,7%-ы) 2,3 млрд. долларға дейін 39,5%-ға төмендеді, көтерме және бөлшек саудаға, автокөлікті жөндеуге (ШТИ жалпы әкелінуінің 19,5%-ы) 3,8 млрд. долларға 2,2%-ға азайды, қаржылық қызметке және сақтандыру қызметіне (ШТИ жалпы әкелінуінің 3,7%-ы) 17,1%-ға төмендеп, 0,7 млрд. долларды құрады, көлік және қоймада сақтау (ШТИ жалпы әкелінуінің 4,3%-ы) 0,9 млрд. долларға дейін 5,6%-ға төмендеді.

Елдер бойынша ШТИ жалпы әкелінуінің құрылымында Нидерланды (ШТИ жалпы түсімдерінің 23,2%-ы), одан кейін АҚШ (15,7%), Швейцария (9,7%), Ресей Федерациясы (9,0%), Қытай (6,9%), Корея Республикасы (Оңтүстік Корея) (4,8%), Бельгия (4,5%), Франция (3,3%) және Ұлыбритания (2,9%) басым болды.

Портфельдік инвестициялар. 6,8 млрд. доллар таза әкетілу резиденттер активтерінің ұлғаюына байланысты (2022 жылғы 9 айда таза әкетілу 8,2 млрд. АҚШ доллары) болды.

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтері негізінен Мемлекеттік басқару органдарының және Басқа секторлардың портфеліндегі операциялар есебінен 6,3 млрд. долларға артты.

3-диаграмма. Экономика секторы бойынша қаржы шотының құрылымы (млрд АҚШ доллары)



Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелер 0,5 млн долларға шамалы төмендеді, бұл негізінен, мемлекеттік басқару органдарының және басқа да секторлардың операцияларына байланысты.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша нетто негізде маңызды өзгерістер байқалмады (2023 жылғы 9 айда оң сальдо 35,5 млн доллар болды). Туынды құралдармен операцияларды негізінен шетел валютасындағы экспорттық түсімдерді хеджирлейтін Қазақстанның банктері мен банктік емес ұйымдары жүргізді.

Басқа инвестициялар. Резиденттер активтерінің өсуі нәтижесінде таза әкеліну (теріс сальдо) 3,5 млрд. доллар (2022 жылғы 1-жартыжылдықта 5,0 млрд.. доллар) болды.


Басқа инвестициялар бабы бойынша қаржы активтері негізінен банктердің және Қазақстан кәсіпорындарының шетелдік шоттардағы активтері өсуі есебінен 0,4 млрд. долларға ұлғайды (5-кесте).

Орта-ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелер 0,4 млрд. долларға ұлғайды (6-кесте). Міндеттемелердің өсуі Банк және Басқа секторлардың қарыз тартуымен қамтамасыз етілді.

Қысқа мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелер Қазақстан кәсіпорындарының қысқа мерзімді қарыздары бойынша міндеттемелері қысқаруы есебінен 2,2 млрд. долларға ұлғайды.

Резервтік активтер (Ұлттық Қордың активтерін есепке алмағанда) 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 31,9 млрд. долларға бағаланды, бұл тауарлар мен қызметтер импортының 5,4 ай қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

4-диаграмма. Инвестициялау құралдары бойынша қаржы шотының құрылымы (млрд АҚШ доллары)



3-кесте

Тікелей инвестициялар балансы

("+" - активтердің/ міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/ міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2022 жылғы 3- тоқсан	2022 жылғы 4- тоқсан	2023 жылғы 1- тоқсан	2023 жылғы 2- тоқсан	2023 жылғы 3- тоқсан
Тікелей инвестициялар (нетто)	-6 079	160	-1838	1168	160
Активтер/міндеттемелер қағидаты бойынша					
Қаржы активтерін таза сатып алу	-1 392	-3 220	-62	1810	-3220
Кірістерді қайта инвестициялауды қоспағанда, капиталға қатысу	-1 343	-10	-264	444	-10
Кірістерді қайта инвестициялау	-27	-17	34	62	-17
Борыштық құралдар	-22	-3 194	168	1304	-3194
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 687	-3 381	1776	641	-3381
Кірістерді қайта инвестициялауды қоспағанда, капиталға қатысу	161	-3 523	89	-1382	-3523
Кірістерді қайта инвестициялау	3 702	498	1113	2686	498
Борыштық құралдар	824	-355	574	-662	-355
«Салымдар бағыты» қағидаты бойынша					
Шетелге тікелей инвестициялар (таза әкетілу)	-1 424	-282	215	-364	1 563
Қазақстанға тікелей инвестициялар (таза әкеліну)	4 656	-442	2 681	1 474	395
Анықтама үшін:					
Шетелдегі тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі	8 311	5 859	7 852	5 611	6 200
Қазақстандағы тікелей инвесторлардан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы әкетілуі	2 807	660	271	293	1 773

Экономика секторлары бойынша портфельдік инвестициялардың операциялары

	млн АҚШ доллары				
	2022 жылғы 3-тоқсан	2022 жылғы 4-тоқсан	2023 жылғы 1-тоқсан	2023 жылғы 2-тоқсан	2023 жылғы 3-тоқсан
Қаржы активтерін таза сатып алу	3836	3478	2418,0	1524,4	2344,1
<i>Орталық Банк</i>	0	0	0,0	-4,1	7,1
<i>Банктер</i>	141	353	516,2	101,6	28,0
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестері (10%-дан кем)	0	0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	141	353	516,2	101,6	28,0
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	3425	741	944,6	658,6	-1173,6
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестері (10%-дан кем)	413	49	54,6	-3,0	5,3
Борыштық бағалы қағаздар	3012	691	889,9	661,5	-1179,0
<i>Басқа секторлар</i>	270	2384	957,3	768,3	3482,6
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестері (10%-дан кем)	87	394	-152,2	-408,3	3312,1
Борыштық бағалы қағаздар	183	1990	1109,5	1176,6	170,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	-351	-1552	-52,9	-416,7	-66,1
<i>Орталық Банк</i>	-89	39	16,8	-160,8	72,3
Борыштық бағалы қағаздар	-89	39	16,8	-160,8	72,3
<i>Банктер</i>	-24	-673	-40,9	-211,9	13,1
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестері (10%-дан кем)	0	0	2,0	4,4	4,5
Борыштық бағалы қағаздар	-23	-673	-42,9	-216,3	8,6
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-424	-30	-167,4	-57,9	-417,8
Борыштық бағалы қағаздар	-424	-30	-167,4	-57,9	-417,8
<i>Басқа секторлар</i>	185	-887	138,6	14,0	266,2
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестері (10%-дан кем)	29	66	58,3	89,9	49,7
Борыштық бағалы қағаздар	157	-953	80,3	-75,9	216,5
Портфельдік инвестициялар балансы	4188	5029	2471,0	1941,1	2410,2

5-кесте

**Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген
қаржы активтерін таза сатып алуы**

("+" - активтердің ұлғаюы, " - " - активтердің төмендеуі)

	млн АҚШ доллары				
	2022 жылғы 3-тоқсан	2022 жылғы 4-тоқсан	2023 жылғы 1-тоқсан	2023 жылғы 2-тоқсан	2023 жылғы 3-тоқсан
<i>Орталық Банк</i>	-1448	351	-215	-2	201
Қолма-қол валюта және депозиттер	-1448	351	-215	-2	201
Кредиттер мен қарыздар	0	0	0	0	0
<i>Банктер</i>	-131	-373	840	-635	613
Қолма-қол валюта және депозиттер	231	-575	347	-122	400
Кредиттер мен қарыздар	-359	125	494	-530	184
Басқа да талаптар	-3	77	-1	17	29
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-1463	572	-224	-69	7
Капиталға қатысудың басқа құралдары	0	0	0	0	0
Қолма-қол валюта және депозиттер	-1454	571	-197	-75	0
Кредиттер мен қарыздар	-1	0	-1	0	-1
Сауда кредиттері мен аванстар	-9	1	-27	6	7
<i>Басқа секторлар</i>	4697	-3147	1549	3	-1658
Капиталға қатысудың басқа құралдары	2	-2	22	4	9
Қолма-қол валюта және депозиттер	4086	-3119	59	-169	-1245
Кредиттер мен қарыздар	-64	110	2	-97	-21
Сауда кредиттері мен аванстар	47	-557	679	977	-290
Басқа да талаптар	625	421	786	-712	-111
Қаржы активтерін таза сатып алу, барлығы	1656	-2598	1950	-703	-837

6-кесте

Резиденттердің «Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген міндеттемелерді таза қабылдауы

("+" - міндеттемелердің өсуі, "-" - міндеттемелердің азаюы)

млн АҚШ доллары

	2022 жылғы 3-тоқсан	2022 жылғы 4-тоқсан	2023 жылғы 1-тоқсан	2023 жылғы 2-тоқсан	2023 жылғы 3-тоқсан
Капиталға қатысудың басқа құралдары	1	0	0	0	0
<i>Басқа да секторлар</i>	<i>1</i>	<i>0</i>	<i>0</i>	<i>0</i>	<i>0</i>
Орта және ұзақ мерзімді инвестициялар	-1 968	1 305	722	767	265
<i>Орталық Банк</i>	<i>1</i>	<i>1</i>	<i>2</i>	<i>2</i>	<i>0</i>
Қолма-қол валюта және депозиттер	0	0	0	0	0
Басқа да міндеттемелер	0	0	0	0	0
Арнайы қарыз алу құқықтары	1	1	2	2	0
<i>Банктер</i>	<i>-2 091</i>	<i>761</i>	<i>611</i>	<i>564</i>	<i>533</i>
Қолма-қол валюта және депозиттер	291	707	691	566	588
Кредиттер мен қарыздар	-2 382	54	-81	-2	-56
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>-83</i>	<i>338</i>	<i>-79</i>	<i>-71</i>	<i>-219</i>
Кредиттер мен қарыздар	-83	338	-79	-71	-219
<i>Басқа да секторлар</i>	<i>205</i>	<i>206</i>	<i>189</i>	<i>271</i>	<i>-49</i>
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктер бағдарламалары	-9	-10	14	37	-8
Кредиттер мен қарыздар	223	295	205	448	-163
Сауда кредиттері мен аванстар	13	-49	-54	-122	51
Басқа да міндеттемелер	-21	-31	23	-91	71
Қысқа мерзімді инвестициялар	2 144	2 164	802	185	1174
<i>Орталық Банк</i>	<i>0</i>	<i>0</i>	<i>-2</i>	<i>3</i>	<i>-16</i>
Қолма-қол валюта және депозиттер	0	1	-3	3	-15
Сауда кредиттері мен аванстар	0	-1	0	0	0
<i>Банктер</i>	<i>909</i>	<i>1 808</i>	<i>272</i>	<i>-771</i>	<i>251</i>
Қолма-қол валюта және депозиттер	1 381	1 116	-73	-250	13
Кредиттер мен қарыздар	-360	685	323	-546	200
Басқа да міндеттемелер	-112	7	22	26	38

	2022 жылғы 3-тоқсан	2022 жылғы 4-тоқсан	2023 жылғы 1-тоқсан	2023 жылғы 2-тоқсан	2023 жылғы 3-тоқсан
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-5	18	9	2	10
Сауда кредиттері мен аванстар	-5	18	9	2	10
<i>Басқа да секторлар</i>	1 240	338	522	950	929
Кредиттер мен қарыздар	626	-251	-192	67	663
Сауда кредиттері мен аванстар	569	821	630	806	330
Басқа да міндеттемелер	44	-232	84	77	-64
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	177	3 469	1524	952	1439

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

млн. АҚШ доллары

	2019	2020	2021	2022	2022				2023	2023		
					I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-7 027,7	-10 960,4	-2 671,8	7 078,7	4 718,7	1 516,9	1 213,9	-370,9	-6 661,8	-1 463,1	-3 390,6	-1 808,0
Сауда балансы	18 420,8	6 009,0	24 228,1	34 983,8	12 147,7	8 813,2	7 888,6	6 134,3	14 597,9	5 213,4	4 346,9	5 037,6
Экспорт	59 541,4	44 065,1	65 790,6	85 613,1	21 943,7	21 118,0	21 363,2	21 188,3	58 936,2	18 993,3	19 811,1	20 131,9
Импорт	41 120,7	38 056,1	41 562,5	50 629,3	9 796,0	12 304,7	13 474,6	15 053,9	44 338,4	13 779,9	15 464,2	15 094,3
Қызмет балансы	-3 786,7	-3 237,4	-2 099,5	-1 550,1	-451,9	-344,6	-182,4	-571,3	-1 543,1	-396,9	-625,9	-520,4
Экспорт	7 754,3	5 208,3	5 935,0	7 967,9	1 481,4	1 876,1	2 328,8	2 281,6	7 590,3	2 203,1	2 613,9	2 773,3
Импорт	11 541,0	8 445,7	8 034,6	9 518,1	1 933,3	2 220,7	2 511,1	2 852,9	9 133,5	2 599,9	3 239,8	3 293,8
Бастапқы кірістер балансы	-22 724,5	-15 077,7	-24 165,8	-25 515,2	-6 852,2	-6 741,1	-6 261,5	-5 660,4	-18 946,1	-6 080,6	-6 789,7	-6 075,9
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 599,4	-899,9	-1 137,8	-1 283,9	-227,1	-312,3	-323,8	-420,7	-1 071,4	-298,9	-386,9	-385,5
Инвестициялық кірістер	-21 257,0	-14 304,6	-23 163,1	-24 366,5	-6 658,9	-6 462,5	-5 971,6	-5 273,4	-17 976,0	-5 815,4	-6 436,5	-5 724,2
Алынатын кірістер	2 380,6	1 933,1	2 086,5	3 454,7	475,2	809,3	1 248,5	921,7	2 992,3	870,6	1 073,5	1 048,3
Тікелей инвестициялардан кірістер	659,4	382,9	611,8	1 411,7	68,8	339,4	741,4	262,1	471,3	54,3	260,6	156,4
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 273,5	1 180,8	1 188,3	1 464,4	320,4	368,6	342,9	432,5	1 590,3	517,9	490,0	582,4
Басқа инвестициялардан кірістер	447,7	369,5	286,3	578,6	86,1	101,3	164,1	227,1	930,7	298,3	322,9	309,4
<i>o.i. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1 171,8	972,0	934,1	1 172,9	253,5	293,5	285,3	340,6	1 444,4	443,8	481,7	518,9
Төленетін кірістер	23 637,7	16 237,7	25 249,6	27 821,2	7 134,1	7 271,9	7 220,0	6 195,1	20 968,4	6 686,0	7 509,9	6 772,4
Тікелей инвестициялардан кірістер	21 232,2	14 071,1	22 817,9	25 293,9	6 581,6	6 670,5	6 512,7	5 529,1	18 536,6	6 012,9	6 646,8	5 876,9
Портфельдік инвестициялардан кірістер	991,9	897,7	1 097,0	1 078,9	237,8	267,9	319,6	253,6	910,5	199,4	370,9	340,3
Басқа инвестициялардан кірістер	1 413,5	1 268,9	1 334,8	1 448,3	314,7	333,5	387,7	412,4	1 521,2	473,7	492,3	555,2
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	131,9	126,8	135,1	135,1	33,8	33,8	33,8	33,8	101,3	33,8	33,8	33,8
Қайталама кірістер балансы	1 062,8	1 345,7	-634,6	-839,8	-124,8	-210,6	-230,8	-273,6	-770,4	-199,0	-322,0	-249,4
Капиталмен операциялар шотының балансы	231,1	239,2	233,1	246,0	30,2	189,9	13,8	12,0	1 185,3	11,9	-24,0	1 197,3
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	1 298,4	-12 542,5	-2 464,3	5 917,1	4 464,6	2 766,2	-543,9	-769,8	246,2	431,4	-1 536,4	1 351,2
Тікелей инвестициялар	-5 904,4	-5 875,4	-1 901,5	-8 024,0	-1 519,1	-586,0	-6 079,3	160,4	-3 135,9	-2 465,7	-1 838,3	1 168,1
Қаржылық активтерді таза алу	-2 173,6	1 330,5	2 665,2	-3 097,4	391,2	1 124,1	-1 392,3	-3 220,4	2 576,6	829,0	-62,0	1 809,6

млн. АҚШ доллары

	2019	2020	2021	2022	2022				2023	2023		
					I	II	III	IV		I	II	III
Міндеттемелерді таза қабылдау	3 730,9	7 206,0	4 566,7	4 926,6	1 910,4	1 710,0	4 687,1	-3 380,9	5 712,5	3 294,7	1 776,4	641,4
Портфельдік инвестициялар	5 118,2	-7 743,9	-3 578,1	13 227,0	191,7	3 818,6	4 187,5	5 029,2	6 822,3	2 471,0	1 941,1	2 410,2
Қаржылық активтерді таза алу	4 887,7	-6 339,6	-1 200,0	10 124,8	-253,3	3 064,3	3 836,1	3 477,7	6 286,5	2 418,0	1 524,4	2 344,1
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	1 885,9	-7 566,2	-5 826,6	7 144,7	-79,5	3 058,5	3 425,2	740,6	432,6	944,6	654,5	-1 166,5
Банктер	748,8	-746,6	1 305,3	534,3	-15,2	55,5	140,5	353,5	645,8	516,2	101,6	28,0
Басқа секторлар	2 253,0	1 973,3	3 321,2	2 445,7	-158,5	-49,7	270,3	2 383,6	5 208,2	957,3	768,3	3 482,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	-230,5	1 404,3	2 378,0	-3 102,2	-445,0	-754,3	-351,5	-1 551,5	-535,8	-52,9	-416,7	-66,1
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	1 270,8	854,9	1 735,4	-1 095,9	-407,9	-183,7	-513,2	8,9	-714,9	-150,6	-218,7	-345,5
Банктер	-96,9	-309,4	311,8	-1 007,0	44,7	-354,8	-23,7	-673,3	-239,7	-40,9	-211,9	13,1
Басқа секторлар	-1 404,4	858,8	330,9	-999,3	-81,8	-215,7	185,4	-887,2	418,8	138,6	14,0	266,2
Туынды қаржы құралдары (нетто)	-81,0	71,2	105,9	259,8	402,8	-121,3	-130,1	108,4	64,1	-0,1	15,7	48,5
Басқа инвестициялар	2 165,6	1 005,6	2 909,4	454,3	5 389,2	-345,1	1 478,1	-6 067,8	-3 504,3	426,2	-1 654,9	-2 275,6
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	21,7	31,7	-7,3	16,3	-1,9	19,5	1,3	-2,6	35,5	22,6	3,8	9,1
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-329,8	-2 025,2	-2 890,0	-855,6	-1 706,9	-218,8	2 198,2	-1 128,1	-869,7	-861,7	-193,1	185,1
Қаржылық активтерді таза алу	51,6	-668,4	-212,6	1 067,6	218,7	441,4	230,3	177,2	883,2	-140,0	573,6	449,7
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-4,4	-6,5	-6,0	-1,2	-0,5	0,0	-0,5	-0,2	-1,1	-0,5	0,0	-0,6
Банктер	119,1	142,4	124,9	222,8	16,6	71,3	-3,4	138,3	170,3	45,4	24,0	100,9
Басқа секторлар	-63,2	-804,3	-331,6	846,0	202,6	370,2	234,1	39,0	714,0	-184,9	549,6	349,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	381,4	1 356,7	2 677,4	1 923,2	1 925,6	660,2	-1 968,0	1 305,3	1 753,0	721,7	766,6	264,6
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-717,8	357,5	2 198,6	71,0	-108,0	-77,5	-82,5	339,0	-364,9	-77,4	-68,9	-218,5
Банктер	-512,1	137,7	-166,9	706,9	1 946,4	90,8	-2 090,9	760,6	1 707,5	610,5	564,4	532,5
Басқа секторлар	1 611,3	861,6	645,6	1 145,3	87,2	646,9	205,4	205,7	410,3	188,6	271,1	-49,4
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	2 473,7	2 999,1	5 806,7	1 293,7	7 098,1	-145,8	-721,4	-4 937,2	-2 670,1	1 265,4	-1 465,6	-2 469,9
Қаржылық активтерді таза алу	3 505,8	3 830,0	8 860,3	6 996,6	6 545,9	1 800,9	1 422,9	-2 773,1	-509,1	2 067,1	-1 280,7	-1 295,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	1 032,1	831,0	3 053,6	5 703,0	-552,2	1 946,8	2 144,3	2 164,1	2 161,0	801,7	184,9	1 174,4
Қателер және қалып қойғандар	1 495,3	-5 013,9	-4 823,8	-3 587,6	-3 801,4	347,7	637,9	-771,9	-1 247,9	128,5	315,7	-1 692,1

млн. АҚШ доллары

	2019	2020	2021	2022	2022				2023	2023		
					I	II	III	IV		I	II	III
Жалпы баланс	6 599,7	3 192,6	4 798,2	2 180,0	3 517,1	711,6	-2 409,6	361,0	6 970,6	1 754,1	1 562,4	3 654,0
Қаржыландыру	-6 599,7	-3 192,6	-4 798,2	-2 180,0	-3 517,1	-711,6	2 409,6	-361,0	-6 970,6	-1 754,1	-1 562,4	-3 654,0
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-6 599,7	-3 192,6	-4 798,2	-2 180,0	-3 517,1	-711,6	2 409,6	-361,0	-6 970,6	-1 754,1	-1 562,4	-3 654,0
ХВҚ-тің кредиттері	0,0	0,0	0,0	0					0			
Айрықша қаржыландыру	0,0	0,0	0,0	0					0			

Мұнда кеңейтілген статистика ұсынылған

*төлем балансының статистикасы өзекті ақпараттың түсуіне қарай жаңартылады

Қазақстан Республикасының төлем балансы резиденттердің экономикалық секторлары бойынша

млн. АҚШ доллары

	2019	2020	2021	2022	2022				2023	2023		
					I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-7 027,7	-10 960,4	-2 671,8	7 078,7	4 718,7	1 516,9	1 213,9	-370,9	-6 661,8	-1 463,1	-3 390,6	-1 808,0
Сауда балансы	18 420,8	6 009,0	24 228,1	34 983,8	12 147,7	8 813,2	7 888,6	6 134,3	14 597,9	5 213,4	4 346,9	5 037,6
Экспорт	59 541,4	44 065,1	65 790,6	85 613,1	21 943,7	21 118,0	21 363,2	21 188,3	58 936,2	18 993,3	19 811,1	20 131,9
Импорт	41 120,7	38 056,1	41 562,5	50 629,3	9 796,0	12 304,7	13 474,6	15 053,9	44 338,4	13 779,9	15 464,2	15 094,3
Қызмет балансы	-3 786,7	-3 237,4	-2 099,5	-1 550,1	-451,9	-344,6	-182,4	-571,3	-1 543,1	-396,9	-625,9	-520,4
Экспорт	7 754,3	5 208,3	5 935,0	7 967,9	1 481,4	1 876,1	2 328,8	2 281,6	7 590,3	2 203,1	2 613,9	2 773,3
Импорт	11 541,0	8 445,7	8 034,6	9 518,1	1 933,3	2 220,7	2 511,1	2 852,9	9 133,5	2 599,9	3 239,8	3 293,8
Бастапқы кірістер балансы	-22 724,5	-15 077,7	-24 165,8	-25 515,2	-6 852,2	-6 741,1	-6 261,5	-5 660,4	-18 946,1	-6 080,6	-6 789,7	-6 075,9
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 599,4	-899,9	-1 137,8	-1 283,9	-227,1	-312,3	-323,8	-420,7	-1 071,4	-298,9	-386,9	-385,5
Инвестициялық кірістер	-21 257,0	-14 304,6	-23 163,1	-24 366,5	-6 658,9	-6 462,5	-5 971,6	-5 273,4	-17 976,0	-5 815,4	-6 436,5	-5 724,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	731,5	602,4	504,0	774,4	152,9	203,5	184,1	233,9	956,4	292,7	328,0	335,7
Алынатын кірістер	1 179,9	993,7	963,0	1 240,8	262,3	312,7	304,6	361,2	1 498,4	464,7	498,8	534,8
Төленетін кірістер	448,4	391,3	459,0	466,4	109,4	109,2	120,6	127,2	542,0	172,1	170,8	199,1
Банктер	-546,0	-421,1	-659,4	-195,6	-159,0	-78,3	21,8	19,9	-336,0	-71,9	-118,5	-145,5
Алынатын кірістер	169,1	213,8	201,1	404,8	67,9	97,7	94,6	144,7	359,0	129,5	124,4	105,1
Төленетін кірістер	715,0	634,9	860,5	600,4	226,9	176,0	72,7	124,8	695,0	201,4	242,9	250,6
Басқа секторлар	-21 442,5	-14 485,9	-23 007,7	-24 945,3	-6 652,8	-6 587,7	-6 177,5	-5 527,2	-18 596,4	-6 036,1	-6 646,0	-5 914,3
Алынатын кірістер	1 031,7	725,6	922,4	1 809,1	145,0	398,9	849,3	415,8	1 135,0	276,3	450,2	408,4
Төленетін кірістер	22 474,2	15 211,6	23 930,1	26 754,3	6 797,9	6 986,7	7 026,7	5 943,0	19 731,4	6 312,5	7 096,2	6 322,7
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	131,9	126,8	135,1	135,1	33,8	33,8	33,8	33,8	101,3	33,8	33,8	33,8
Қайталама кірістер балансы	1 062,8	1 345,7	-634,6	-839,8	-124,8	-210,6	-230,8	-273,6	-770,4	-199,0	-322,0	-249,4
Капиталмен операциялар шотының балансы	231,1	239,2	233,1	246,0	30,2	189,9	13,8	12,0	1 185,3	11,9	-24,0	1 197,3
Қаржылық шот	-5 301,3	-15 735,1	-7 262,5	3 737,1	947,5	2 054,6	1 865,7	-1 130,7	-6 724,4	-1 322,7	-3 098,8	-2 302,8
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-7 158,0	-11 798,8	-13 869,6	4 840,1	-1 807,6	2 057,7	3 493,8	1 096,2	-5 757,7	-1 057,1	-694,9	-4 005,7
Қаржылық активтерді таза алу	-6 611,0	-10 578,7	-9 926,0	3 841,2	-2 069,6	1 555,2	2 893,7	1 461,9	-6 829,9	-1 278,0	-976,9	-4 575,0
Тікелей инвестициялар	338,8	257,4	298,4	137,9	1,3	5,0	76,6	55,0	-4,0	-4,0	0,0	0,0
Портфельдік инвестициялар	1 885,9	-7 566,2	-5 826,6	7 144,7	-79,5	3 058,5	3 425,2	740,6	432,6	944,6	654,5	-1 166,5
Туынды қаржы құралдары	0,5	-1,7	5,9	7,2	17,7	-8,8	-106,7	105,1	13,2	-25,5	1,4	37,3
Басқа инвестициялар	-2 236,5	-75,6	394,5	-1 268,6	1 508,0	-787,9	-2 911,0	922,3	-301,0	-438,8	-70,5	208,3

млн. АҚШ доллары

	2019	2020	2021	2022	2022				2023	2023		
					I	II	III	IV		I	II	III
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-6 599,7	-3 192,6	-4 798,2	-2 180,0	-3 517,1	-711,6	2 409,6	-361,0	-6 970,6	-1 754,1	-1 562,4	-3 654,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	547,0	1 220,2	3 943,6	-998,8	-262,0	-502,5	-600,0	365,7	-1 072,2	-220,9	-282,1	-569,3
Портфельдік инвестициялар	1 270,8	854,9	1 735,4	-1 095,9	-407,9	-183,7	-513,2	8,9	-714,9	-150,6	-218,7	-345,5
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	-723,9	365,3	2 208,3	97,1	145,9	-318,8	-86,9	356,8	-357,4	-70,2	-63,3	-223,8
Банктер	2 438,6	-2 112,8	861,3	-615,9	-943,8	609,1	1 331,8	-1 613,1	180,5	494,5	-171,3	-142,7
Қаржылық активтерді таза алу	2 205,0	-1 564,6	1 835,3	1 990,7	1 261,6	860,2	-99,9	-31,2	1 622,8	1 392,4	-518,0	748,4
Тікелей инвестициялар	191,6	0,1	177,7	53,0	17,6	28,3	11,9	-4,9	67,0	15,1	17,9	33,9
Портфельдік инвестициялар	748,8	-746,6	1 305,3	534,3	-15,2	55,5	140,5	353,5	645,8	516,2	101,6	28,0
Туынды қаржы құралдары	-33,7	41,0	-19,1	-22,5	125,3	-19,7	-121,8	-6,3	92,8	21,2	-2,1	73,7
Басқа инвестициялар	1 298,3	-859,1	371,3	1 425,9	1 133,8	796,1	-130,6	-373,5	817,3	839,9	-635,4	612,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	-233,6	548,3	974,0	2 606,6	2 205,4	251,1	-1 431,7	1 581,9	1 442,3	897,9	-346,7	891,1
Тікелей инвестициялар	203,1	369,0	290,5	-226,8	184,9	10,0	-107,1	-314,6	178,2	54,4	88,5	35,3
Портфельдік инвестициялар	-96,9	-309,4	311,8	-1 007,0	44,7	-354,8	-23,7	-673,3	-239,7	-40,9	-211,9	13,1
Туынды қаржы құралдары	31,7	-53,4	-17,0	-30,8	-16,1	103,3	-119,0	1,0	43,8	1,5	-17,0	59,3
Басқа инвестициялар	-371,5	542,1	388,6	3 871,2	1 991,9	492,6	-1 182,0	2 568,7	1 460,1	882,9	-206,3	783,4
Басқа секторлар	-581,9	-1 823,4	5 745,9	-487,1	3 698,9	-612,2	-2 959,9	-613,9	-1 147,2	-760,1	-2 232,7	1 845,7
Қаржылық активтерді таза алу	4 046,1	7 135,1	13 382,8	7 044,9	4 338,0	3 263,4	3 470,9	-4 027,4	7 604,5	3 319,7	690,0	3 594,8
Тікелей инвестициялар	-2 704,0	1 073,0	2 189,0	-3 288,3	372,3	1 090,8	-1 480,8	-3 270,5	2 513,6	817,9	-79,9	1 775,6
Портфельдік инвестициялар	2 253,0	1 973,3	3 321,2	2 445,7	-158,5	-49,7	270,3	2 383,6	5 208,2	957,3	768,3	3 482,6
Туынды қаржы құралдары	-20,3	-39,9	-1,7	-22,1	-0,6	-12,5	-15,6	6,7	-10,8	-4,1	-1,0	-5,7
Басқа инвестициялар	4 517,3	4 128,8	7 874,3	7 909,6	4 124,9	2 234,9	4 697,1	-3 147,2	-106,5	1 548,6	2,6	-1 657,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	4 628,0	8 958,6	7 637,0	7 532,0	639,1	3 875,6	6 430,8	-3 413,5	8 751,7	4 079,8	2 922,7	1 749,1
Тікелей инвестициялар	3 527,8	6 837,0	4 276,1	5 153,4	1 725,5	1 700,0	4 794,1	-3 066,2	5 534,3	3 240,2	1 687,9	606,1
Портфельдік инвестициялар	-1 404,4	858,8	330,9	-999,3	-81,8	-215,7	185,4	-887,2	418,8	138,6	14,0	266,2
Туынды қаржы құралдары	-4,2	-18,4	-103,8	-266,5	-244,4	-23,0	4,9	-4,0	-12,7	-9,8	-0,4	-2,5
Басқа инвестициялар	2 508,8	1 281,1	3 133,7	3 644,3	-760,2	2 414,4	1 446,3	543,9	2 811,3	710,7	1 221,2	879,3
Қателер және қалып қойғандар	1 495,3	-5 013,9	-4 823,8	-3 587,6	-3 801,4	347,7	637,9	-771,9	-1 247,9	128,5	315,7	-1 692,1

Мұнда кеңейтілген статистика ұсынылған

*төлем балансының статистикасы өзекті ақпараттың түсуіне қарай жаңартылады

Қазақстан Республикасының төлем балансы: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер

млн. АҚШ доллары												
	2019	2020	2021	2022	2022				2023	2023		
					I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы шоттың сальдосы	-7 027,7	-10 960,4	-2 671,8	7 078,7	4 718,7	1 516,9	1 213,9	-370,9	-6 661,8	-1 463,1	-3 390,6	-1 808,0
ЖІӨ-ге %-бен ¹	-3,9	-6,4	-1,4	3,1	10,9	3,3	2,3	-0,4	-4,0	-2,8	-6,4	-2,9
CAR-ге % ¹	-9,6	-20,0	-3,5	7,2	19,4	6,2	4,8	-1,5	-9,4	-6,5	-14,1	-7,4
Сауда балансы	18 420,8	6 009,0	24 228,1	34 983,8	12 147,7	8 813,2	7 888,6	6 134,3	14 597,9	5 213,4	4 346,9	5 037,6
ЖІӨ-ге %-бен ¹	10,1	3,5	12,3	15,5	28,1	19,2	14,7	7,4	8,8	10,1	8,2	8,1
ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты	59 541,4	44 065,1	65 790,6	85 613,1	21 943,7	21 118,0	21 363,2	21 188,3	58 936,2	18 993,3	19 811,1	20 131,9
ЖІӨ-ге %-бен ¹	32,8	25,8	33,3	37,9	50,7	45,9	39,9	25,5	35,3	36,6	37,6	32,4
ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар импорты	41 120,7	38 056,1	41 562,5	50 629,3	9 796,0	12 304,7	13 474,6	15 053,9	44 338,4	13 779,9	15 464,2	15 094,3
ЖІӨ-ге %-бен ¹	22,6	22,2	21,0	22,4	22,6	26,8	25,2	18,1	26,6	26,6	29,3	24,3
Тауарлар мен қызметтер экспорты	67 295,8	49 273,4	71 725,7	93 581,0	23 425,1	22 994,1	23 692,0	23 469,9	66 526,6	21 196,4	22 425,0	22 905,2
ЖІӨ-ге %-бен ¹	37,0	28,8	36,3	41,4	54,1	50,0	44,3	28,2	39,9	40,9	42,5	36,8
Тауарлар мен қызметтер импорты	52 661,7	46 501,7	49 597,1	60 147,4	11 729,3	14 525,4	15 985,7	17 906,9	53 471,8	16 379,8	18 703,9	18 388,0
ЖІӨ-ге %-бен ¹	29,0	27,2	25,1	26,6	27,1	31,6	29,9	21,5	32,1	31,6	35,5	29,6
Сыртқы сауда айналымы	100 662,1	82 121,2	107 353,2	136 242,4	31 739,8	33 422,7	34 837,7	36 242,2	103 274,6	32 773,2	35 275,2	35 226,2
Сыртқы сауда айналымы (ресми статистика)	97 774,9	86 469,8	101 736,5	135 527,4	28 992,7	35 475,9	35 104,6	35 954,2	102 330,6	32 745,7	34 965,1	34 619,8
Экономиканың ашықтығы (сыртқы сауда айналымы ресми статистика бойынша ІЖӨ-ге %-бен)	53,8	50,5	51,5	60,0					61,4			
Бастапқы кірістер (нетто)	-22 724,5	-15 077,7	-24 165,8	-25 515,2	-6 852,2	-6 741,1	-6 261,5	-5 660,4	-18 946,1	-6 080,6	-6 789,7	-6 075,9
ЖІӨ-ге %-бен ¹	-12,5	-8,8	-12,2	-11,3	-15,8	-14,7	-11,7	-6,8	-11,4	-11,7	-12,9	-9,8
Қайталама кірістер (нетто)	1 062,8	1 345,7	-634,6	-839,8	-124,8	-210,6	-230,8	-273,6	-770,4	-199,0	-322,0	-249,4
ЖІӨ-ге %-бен ¹	0,6	0,8	-0,3	-0,4	-0,3	-0,5	-0,4	-0,3	-0,5	-0,4	-0,6	-0,4
Жеке трансферттер (алынған)	506,1	374,4	309,9	480,8	57,7	141,1	156,1	125,9	239,5	83,3	83,8	156,1
ЖІӨ-ге %-бен ¹	0,3	0,2	0,2	0,2	0,1	0,3	0,3	0,2	0,1	0,2	0,2	0,3
CAR (ағымдағы шот бойынша түсімдер - current account receipts)	72 860,2	54 724,2	75 806,0	98 975,4	24 312,7	24 336,1	25 426,8	24 899,7	71 181,2	22 571,3	24 052,1	24 557,9
CAP (ағымдағы шот бойынша шығыстар - current account payments)	79 887,8	65 684,6	78 477,8	91 896,7	19 594,0	22 819,2	24 212,9	25 270,6	77 843,0	24 034,4	27 442,6	26 366,0
Капиталмен операциялар шоты	231,1	239,2	233,1	246,0	30,2	189,9	13,8	12,0	1 185,3	11,9	-24,0	1 197,3
Қаржылық шот (резервтік активтерді қоспағанда)	1 298,4	-12 542,5	-2 464,3	5 917,1	4 464,6	2 766,2	-543,9	-769,8	246,2	431,4	-1 536,4	1 351,2
ЖІӨ-ге %-бен ¹	0,7	-7,3	-1,2	2,6	10,3	6,0	-1,0	-0,9	0,1	0,8	-2,9	2,2

	млн. АҚШ доллары											
	2019	2020	2021	2022	2022				2023	2023		
					I	II	III	IV		I	II	III
Тікелей инвестициялар (нетто)	-5 904,4	-5 875,4	-1 901,5	-8 024,0	-1 519,1	-586,0	-6 079,3	160,4	-3 135,9	-2 465,7	-1 838,3	1 168,1
<i>ЖІӨ-ге %-бен¹</i>	-3,3	-3,4	-1,0	-3,6	-3,5	-1,3	-11,4	0,2	-1,9	-4,8	-3,5	1,9
ҚР шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	24 436,9	17 155,1	23 809,5	28 027,7	6 924,5	6 933,9	8 310,7	5 858,5	14 052,0	7 851,6	5 610,8	6 200,4
<i>ЖІӨ-ге %-бен¹</i>	13,5	10,0	12,1	12,4	16,0	15,1	15,5	7,0	11,8	15,1	10,6	10,0
Шетелге әкетілген тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	2 730,3	1 432,3	2 559,1	4 165,8	208,8	489,9	2 807,3	659,7	2 044,1	271,1	293,1	1 773,0
<i>ЖІӨ-ге %-бен¹</i>	1,5	0,8	1,3	1,8	0,5	1,1	5,2	0,8	1,2	0,5	0,6	2,9
Портфельдік инвестициялар (нетто)	5 118,2	-7 743,9	-3 578,1	13 227,0	191,7	3 818,6	4 187,5	5 029,2	6 822,3	2 471,0	1 941,1	2 410,2
<i>ЖІӨ-ге %-бен¹</i>	2,8	-4,5	-1,8	5,9	0,4	8,3	7,8	6,1	4,1	4,8	3,7	3,9
Жалпы баланс	6 599,7	3 192,6	4 798,2	2 180,0	3 517,1	711,6	-2 409,6	361,0	6 970,6	1 754,1	1 562,4	3 654,0
<i>ЖІӨ-ге %-бен¹</i>	3,6	1,9	2,4	1,0	8,1	1,5	-4,5	0,4	4,2	3,4	3,0	5,9
Кезең соңындағы жалпы халықаралық резервтер	28 957,5	35 638,1	34 378,0	35 076,0	33 125,1	31 960,7	32 638,7	35 076,0	31 883,2	36 214,8	34 456,8	31 883,2
<i>тауарлар мен қызметтер импорты айларында</i>	6,6	9,2	8,3	7,0	7,7	7,2	7,0	7,0	5,4	6,7	6,0	5,4
<i>ЖІӨ-ге %-бен²</i>	15,9	20,8	17,4	15,5	16,3	15,2	15,2	15,5	12,8	15,4	14,3	12,8
<i>САР-ке аймен</i>	4,3	6,5	5,3	4,6	4,8	4,5	4,4	4,6	3,7	4,5	4,1	3,7
Кезең соңындағы Ұлттық қордың сыртқы активтері	60 733,3	56 342,3	53 013,4	53 438,6	50 543,0	49 561,4	49 450,6	53 438,6	55 482,7	55 917,1	57 372,6	55 482,7
<i>тауарлар мен қызметтер импорты айларында</i>	13,8	14,5	12,8	10,7	11,8	11,1	10,5	10,7	9,3	10,4	10,0	9,3
<i>ЖІӨ-ге %-бен²</i>	33,4	32,9	26,8	23,7	24,9	23,5	23,0	23,7	22,2	23,8	23,8	22,2
Кезең соңындағы жалпы халықаралық резервтер + Ұлттық қордың сыртқы активтері	89 690,8	91 980,3	87 391,4	88 514,7	83 668,1	81 522,1	82 089,3	88 514,7	87 365,9	92 131,9	91 829,4	87 365,9
<i>тауарлар мен қызметтер импорты айларында</i>	20,4	23,7	21,1	17,7	19,5	18,3	17,5	17,7	14,7	17,1	16,0	14,7
<i>ЖІӨ-ге %-бен²</i>	49,4	53,8	44,3	39,2	41,3	38,7	38,1	39,2	35,0	39,3	38,1	35,0
Анықтама үшін:												
ЖІӨ млрд. теңгемен ³	69 532,6	70 714,1	83 951,6	103 765,5	19 695,6	20 338,7	25 453,5	38 277,7	75 546,8	23 582,6	23 662,0	28 302,1
ЖІӨ млн. АҚШ долларымен ⁴	181 665,9	171 083,7	197 446,9	225 904,4	43 276,6	45 963,3	53 538,9	83 125,7	166 746,0	51 837,9	52 720,5	62 187,5

1 Кезеңдегі салыстырмалы өлшемдерді есептеу үшін тиісті кезеңдегі АҚШ долларымен немесе САР-мен есептелген ЖІӨ қолданылады.

2 Кезең соңындағы салыстырмалы өлшемдерді есептеу үшін (жыл соңындағы мәндерді қоспағанда) тоқсандағы тиісті орташа айырбастау бағамы бойынша есептелген ЖІӨ-нің АҚШ долларымен тоқсандық мәндерінің сомасы ретінде айқындалатын есепті күннің алдындағы 4 тоқсандағы АҚШ долларымен есептелген ЖІӨ қолданылады. Жылдың соңындағы өлшемдерді есептеу үшін бір жылдағы орташа айырбастау бағамы бойынша есептелген күнтізбелік жыл үшін АҚШ долларымен есептелген ЖІӨ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (ҚР СЖРА ҰСБ) деректері бойынша қолданылады.

3 ҚР СЖРА ҰСБ-ның деректері. 2023 жылғы 1 жартыжылдықтағы есептік дерек 2023 жылдың 29 қыркүйегінде жарияланды

4 Күнтізбелік жылдағы АҚШ долларымен есептелген ЖІӨ – ҚР СЖРА ҰСБ-ның деректері.

Мұнда кеңейтілген статистика ұсынылған

*төлем балансының статистикасы өзекті ақпараттың түсуіне қарай жаңартылады

СЫРТҚЫ САУДА ЖӘНЕ САУДА БАЛАНСЫ

2023 жылғы 9 айда төлем балансын сыныптау бойынша сыртқы сауда айналымы (ресми статистика деректеріне түзетулерді және СИФ импортының құнын FOB бағасына дейін түзетулерді ескергенде) 103,3 млрд. доллар болды, бұл базалық кезеңге¹ қарағанда 3,3 млрд. долларға көп. Тауар айналымының 3,3%-ға өсуі импорттың 24,6-ға ұлғаюына байланысты (І.3-қосымша).

Тауар айналымының ЖІӨ-ге қатынасы ретінде есептелетін экономиканың айқындылық көрсеткіші базалық кезеңмен салыстырғанда импорт үлесінің 1,9 пайыздық тармаққа (бұдан әрі – п.т.) өсуі кезінде экспорт үлесінің 10,2 п.т. төмендеуі нәтижесінде 8,4 п.т. қысқарды (1-кесте).

2023 жылғы 9 айда **тауарлардың** ресми **экспорты** 57,7 млрд. доллар болды, бұл базалық кезеңнің көрсеткішінен 6,3 млрд. долларға аз (2-кесте).

Құндық экспорттың қысқаруы негізінен мұнай мен газ конденсатын жеткізудің 31,1 млрд. долларға дейін 5,3 млрд. долларға (14,5%-ға) төмендеуіне байланысты. Экспорттың жалпы көлеміндегі осы топтың үлес салмағы 2,9 п.т. төмендеді, нәтижесінде экспорттың тауарлық шоғырлану коэффициенті базалық кезеңдегі 71,1%-дан есепті кезеңде 68,1%-ға дейін түсті (І. 4-қосымша). Мұнай мен газ конденсаты құнының төмендеуі келісімшарттың орташа бағасының 18,7%-ға төмендеуіне байланысты. Сонымен қатар, мұнайдың сандық жеткізілімдері 5,3%-ға (2,7 млн. тоннаға) өсті, барлығы 31,1 млрд. доллар сомасына 53,4 млн. тонна мұнай экспортталды.

Экспорт құнының қысқаруы астықты қоспағанда, экспорттық номенклатураның барлық негізгі тауар топтары бойынша тіркелді.

1-кесте

Экономиканың айқындылығы

(ЖІӨ-ге пайызбен)

	2021 жылғы 9 ай	2022 жылғы 9 ай	2023 жылғы 9 ай
Экспорт	34,6	44,8	34,6
Импорт	23,8	24,9	26,8
Тауар айналымы	58,4	69,7	61,4

¹ Мұнда және бұдан әрі есепті кезең ретінде 2023 жылғы 9 ай, ал базалық кезең ретінде – 2022 жылғы 9 ай қарастырылады.

Дәнді дақылдардың жиынтық экспортының (20,2%-ға) ұлғаюы негізінен нақты көлемінің 6,7 млн. тоннаға дейін 44,8%-ға ұлғаюы есебінен болды. Астық бағасы тоннасына 309,2 доллардан тоннасына 256,6 долларға дейін 17,0%-ға қысқарды.

Түсті металдарды әкету нақты жеткізілімдердің 12,7%-ға (101,8 мың тонна) қысқаруы кезінде орташа келісімшарттық бағаның 6,6%-ға өсуі есебінен 962,9 млрд. долларға (18,5%) төмендеді.

Түсті металдар тобы бойынша құндық көлемінің мырыш бойынша 197,5 млн. долларға (31,3%-ға), алюминий бойынша 208,0 млн. долларға (40,1%-ға) және мыс бойынша 588,5 млн. долларға (19,3%-ға), төмендегені байқалды. Қорғасын бойынша құндық көлемі 5,8 млн. долларға (5,0%-ға) өсті.

Түсті металдар тобы бойынша орташа келісімшарттық бағалардың мыс бойынша 7,9%-ға, алюминий бойынша 22,6%-ға, қорғасын бойынша 0,6%-ға және мырыш бойынша 23,2%-ға қысқарғаны байқалады.

Түсті металдар бағасының әлемдік конъюнктурасы базалық кезеңге қатысты мырыш бағасының 25,7%-ға, алюминий бағасының 19,5%-ға, қорғасын бағасының 1,1%-ға, мыс бағасының 5,4%-ға төмендегенін көрсетеді.

Түсті металдар тобы бойынша нақты жеткізілімдердің мыс бойынша 12,4%-ға, алюминий бойынша 22,5%-ға, мырыш бойынша 10,5%-ға қысқарғаны байқалады. Қорғасынның нақты жеткізілімдері тиісінше 5,7%-ға өсті.

Баға факторы қара металдар экспорты құнының қысқаруында маңызды рөл атқарды. Бағаның құрамдас бөлігінің 17,3%-ға төмендеуі және нақты жеткізілімдердің 6,9%-ға төмендеуі кезінде қара металдар экспортының құндық көлемі 23,0%-ға түсті.

Қара металдар тобы бойынша бағаның ферроқорытпалар бойынша 23,7%-ға төмендегені тіркелді, қара металдарды жалға алу бойынша келісімшарттық бағаның 13,6%-ға төмендегені байқалды (І. 5-қосымша).

2-кесте

Қазақстан Республикасы экспортының тауар құрылымы
(ресми статистика деректері бойынша)

Тауарлар тобы	2022 жылғы 9 ай		2023 жылғы 9 ай	
	Құны (млн. АҚШ доллары)	Үлес салмағы (%)	Құны (млн. АҚШ доллары)	Үлес салмағы (%)
Барлық тауар	64 003,1	100%	57 703,9	100%
Негізгі номенклатура, о.і.	58 195,4	90,9%	50 575,6	87,6%
Минералдық өнімдер	44 322,2	69,3%	38 313,3	66,4%
оның ішінде мұнай және газ конденсаты	36 413,8	56,9%	31 147,6	54,0%
Қара металдар	4 246,6	6,6%	3 267,8	5,7%
Түсті металдар	5 217,7	8,2%	4 254,8	7,4%
Астық	1 433,2	2,2%	1 722,4	3,0%
Басқа да тауарлар	5 807,7	9,1%	7 128,3	12,4%

Уәкілетті органдардың ресми деректері бойынша 2023 жылғы 9 айда **тауарлар импорты** 44,6 млрд. доллар болды, бұл базалық кезеңге қарағанда 9,1 млрд. долларға артық (3-кесте).

Импорт құрылымында азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен өндіріс құралдарының топтары бойынша өсім барынша жоғары.

Азық-түлікке жатпайтын импорт жеңіл автомобильдерді әкелудің 2,3 млрд. долларға дейін 1,3 млрд. долларға (2,2 есе), киімді әкелудің 1,9 млрд. долларға дейін 746,6 млн. долларға (65,1%-ға), аяқ киімді әкелудің 617,8 млн. долларға дейін 303,0 млн. долларға (2 есе), телефондарды әкелудің 915,3 млн. долларға дейін 79,9 млн. долларға (9,6%) ұлғаюы есебінен 36,9%-ға (3,1 млрд. долларға) өсті.

Азық-түлікке жатпайтын импорттағы дәрілік заттардың үлес салмағы 9%-ға дейін (базалық кезеңде 12%) қысқарды. Дәрілік заттарды әкелу 963,4 млн. долларға дейін 34,2 млн. долларға (3,4%) түсіп кетті.

Азық-түлікке жатпайтын импорттағы жеңіл автомобильдердің үлес салмағы 13%-дан 21%-ға дейін өсті.

Өндіріс құралдарының 48,8%-ға (3,2 млрд. долларға) ұлғаюы негізінен ұшу аппараттарын әкелудің 392,9 млн. долларға (2,3 есе), жүк таситын көлік құралдарын әкелудің 263,0 млн. долларға (79,6%), ауыл шаруашылығы техникасын әкелудің 261,8 млн. долларға (2,9 есе), тракторларды әкелудің 247,3 млн. долларға (2 есе), тіркемелерді әкелудің 108,0 млн. долларға (2,7 есе) өсуіне байланысты болды.

Жиынтық импорттағы үлесі (45,2%) бойынша бірінші орынды алатын аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының импорты моторлы көлік құралдарына арналған шанақтарды әкелудің 1,2 млрд. долларға дейін 457,4 млн. долларға (61,5%-ға), мұнай өнімдерін әкелудің 742,1,0 млн. долларға дейін 283,0 млн. долларға (62%-ға), электр энергиясын әкелудің 175,2 млн.

3-кесте

Қазақстан Республикасы импортының тауар құрылымы²

(ресми статистика деректері бойынша СИФ бағасымен импорт)

Тауарлар тобы	2022 жылғы 9 ай		2023 жылғы 9 ай	
	Құны (млн. АҚШ доллары)	Үлес салмағы (%- бен)	Құны (млн. АҚШ доллары)	Үлес салмағы (%- бен)
Барлық тауар	35 570,2	100%	44 626,7	100%
Тұтыну тауарлары	11 310,8	31,8%	14 564,6	32,6%
Азық-түлік тауарлары	3 035,0	8,5%	3 236,2	7,3%
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	8 275,8	23,3%	11 328,4	25,4%
Аралық тауарлар	17 607,4	49,5%	20 167,0	45,2%
Өндіріс құралдары	6 652,0	18,7%	9 895,1	22,2%

² ҚР Ұлттық Банкі 2021 жылғы 2-тоқсаннан бастап БҰҰ әдіснамасына сәйкес тауарларды кең экономикалық санаттар (КЭС) бойынша сыныптауға көшті

долларға дейін 112,3 млн. долларға (2,8 есе), қара металдардан жасалған құбырларды әкелудің 952,9 млн. долларға дейін 427,0 млн. долларға (1,8 есе), қозғалтқыштарды әкелудің 467,7 млн. долларға дейін 160,9 млн. долларға (52,4%-ға) өсуі есебінен 14,5%-ға (2,6 млрд. долларға) өсті.

2023 жылғы 9 айда тауарлармен ресми тіркелген сыртқы сауданың географиялық құрылымы былай қалыптасты: сауда айналымының 37,7%-ы Азия елдеріне (оның ішінде Қытайға – 21,2%), 31,8%-ы Еуропа елдеріне (оның ішінде Италия – 11,5%), 25,7%-ы ТМД елдеріне (оның ішінде 18,8%-ы Ресей Федерациясына), 4,8%-ы басқа елдерге тиесілі (І. 6 қосымша).

